

ҒТАМА 18.41.91

Алишер Слейманкул¹¹*Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы
Алматы, Қазақстан Республикасы***Ә.ӘБДІНҰРОВТЫҢ «ПЬЕСА ДЛҰА ВАЛТОРНЫ И ФОРТЕПИАНО»
ШЫҒАРМАСЫНЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ****Аннотация**

Қазақстан композиторлары шығармашылығының стильдік ерекшеліктері эстетикалық үрдістерді, көркемдік бағытты, ұрпақтың мәдени құндылықтарын айқындайды. Осыған байланысты көптеген музыкатанушы зерттеушілер үшін композиторлардың шығармашылық келбетін зерттеу отандық музыкалық мәдениетті сақтауға және дамытуға бағытталған маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Қазақстан композиторларының шығармашылығы көркем ойды, шығарманың стилистикалық, орындаушылық ерекшеліктерін дәл жеткізу және түсіну мақсатында зерделенуге тиіс мыс үрмелі аспаптарға арналған көптеген шығармаларға толы. Осыған байланысты, мақалада *тұңғыш рет* Ә.Әбдінұровтың валторна мен фортепианоға арналған шығармасының стилистикалық және орындаушылық ерекшеліктері қарастырылған. Зерттеу *нәтижесінде* композитордың шығармашылық келбетін құрайтын маңызды факторлардың бірі – оның дәстүрлер синтезінен тұратын музыкалық тілі екендігі анықталды: ұлттық музыкалық тіл және еуропалық композиторлық жазу; оның көмегімен ол халықтың көркемдік ой-өрісін жеткізуге тырысады. Мақала материалдары орындаушылық және педагогикалық *тәжірибеде* пайдалы болуы мүмкін.

Түйінді сөздер: Ә.Әбдінұров, пьеса, валторна, музыкалық стиль, дәстүрлер синтезі, орындаушылық ерекшеліктер.

Алишер Слейманкул¹¹*Казахская национальная консерватория имени Курмангазы
Алматы, Республика Казахстан***МУЗЫКАЛЬНО-СТИЛЕВЫЕ ОСОБЕННОСТИ
ПЬЕСЫ ДЛҰА ВАЛТОРНЫ И ФОРТЕПИАНО А.АБДИНУРОВА****Аннотация**

Стилевые особенности творчества композиторов Казахстана выступают одной из основ, определяющих эстетические тенденции, художественную направленность, культурные ценности поколения. В связи с этим, для многих исследователей-музыковедов изучение творческого облика композиторов выступает одной из важнейших задач, направленных на сохранение и развитие отечественной музыкальной культуры. Творчество композиторов Казахстана изобилует многочисленными произведениями, написанными для медных духовых инструментов, которые следует изучать с целью точной передачи и понимания художественной мысли, стилистических, формообразующих, исполнительских особенностей произведения. В связи с этим, в данной статье *впервые* рассмотрены стилистические и исполнительские особенности пьесы для валторны и фортепиано Алиби Абдинурова. *В результате* исследования было выявлено, что одним из важнейших факторов, составляющих творческий облик композитора, является его музыкальный язык, состоящий из синтеза традиций: национального музыкального языка и европейского композиторского письма, с помощью которого старается передать художественное мышление народа. Материалы статьи могут быть полезны в исполнительской и педагогической *практике*.

Ключевые слова: А.Абдинуров, пьеса, валторна, музыкальный стиль, синтез традиций, исполнительские особенности.

Alisher Sleymankul¹¹*Kurmangazy Kazakh National Conservatory
Almaty, Republic of Kazakhstan***MUSICAL AND STYLISTIC FEATURES
OF THE PIECES FOR FRENCH HORN AND PIANO BY A.ABDINUROV****Abstract**

The stylistic features of the creativity of the composers of Kazakhstan are one of the foundations that determine the aesthetic trends, artistic orientation, cultural values of the generation. In this regard, for many

musicologists, the study of the creative appearance of composers is one of the most important tasks aimed at preserving and developing the national musical culture. The creativity of the composers of Kazakhstan is replete with numerous works written for brass wind instruments, which should be studied in order to accurately convey and understand the artistic thought, stylistic, formative, performing features of the work. In this regard, this article for the *first time* discusses the stylistic and performance features of the piece for French horn and piano Alibi Abdinurov. As a *result* of the research, it was revealed that one of the most important factors that make up the creative image of the composer is his musical language, consisting of a synthesis of traditions: the national musical language and European compositional writing, with which he tries to convey the artistic thinking of the people. The materials of the article can be useful in performing and pedagogical *practice*.

Keywords: A.Abdinurov, piece, French horn, musical style, synthesis of traditions, performance features.

Валторна аспабына арнайы жазған Қазақстан композиторларының ішінде Әліби Әбдінұровтың [1] «Пьеса для валторны и фортепиано» шығармасы орындаушылардың арасында өте жиі орындалатын, аса сұранысқа ие туындылардың бірі. Ұлттық бейнені заманауи жазу техникасының көмегімен көрсете отырып, өзінің жеке стилін қалыптастырған автор, бұл шығармасы арқылы тыңдаушының қабылдауын кеңейтіп, ерекше көркемдік ой сыйлайды.

Әліби Әбдінұров «Пьеса для валторны и фортепиано» шығармасын 2001 жылы Алматы қаласындағы Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясының қабырғасында ассистентура-стажировканың 1-ші курсына жазып бастады. Ұсынылған пьесаның жазылу тарихы студенттік өмірге тән – өте қарапайым. Композитордың айтуы бойынша «Ассистентура-стажировканың 1-ші курсына оқып жүргенімде, менің валторна аспабында ойнайтын курстасым Андрей Денисов мемлекеттік емтиханда орындауға арналған пьеса жазып беруімді өтінді. Мен оның ұсынысын қабылдадым. Жарты жылдан кейін сыныптық концерт бермек мақсатында, Андрей пьесаның ноталарын алып келуімді сұрады, ол уақытта пьесаны әлі жазып та бастамаған едім. Қысқа уақыттың ішінде «Пьеса для валторны и фортепиано» шығармасын шығарып, алғашқы қойылымы Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясының камералық залында өтті. Алғашында шығарманың аты «Пьеса для валторны Андрея» деген атпен жарық көрген еді» [2].

Мазмұны мен тембрлік-регистрлік бояуына байланысты шығармада композитордың жеке стильдік және өзіндік ерекшеліктері айқын көрінеді.

Қазақстан композиторларының шығармашылығындағы музыкалық мазмұнның ерекшеліктері көшпелі өркениеттің болмысына негізделген. Айта кету керек, бұл туындыда «Қыз Жібек» көркем фильмінде кездесетін музыкалық үзінділер орын алады. Автордың айтуынша, «Төлеген мен Бекежанның лейтмотивтері осы шығармадағы ең ұтымды музыкалық үлгісі болып табылады. Кинофильмде Төлеген мен Бекежанның алғашқы кездесуінің сәті көрсетілген: алыстан көріскен жолаушылар бірін бірі керней үнімен қарсы алады» [2].

Мысал 1. Төлеген лейтәуені



Мысал 2. Бекежан лейтәуені



Бұл лейтмотивтер домбыра күйлеріне тән жалпылама мазмұндағы пьесаның драмалық тақырыбының негізін құрайды. Драматургия аспектісінде халықтық және батыс-еуропалық дәстүрлердің бірігуі композицияның тембрлік-регистрлік бояуына әсер етеді. Пьесада аспапта өте сирек орындалатын *glissando*, *frullato* сынды ерекше ойнау әдістері қолданылады.

Мысал 3. *Frullato әдісі*



Мысал 4. *Glissando әдісі*



Бұл ойнау әдістері арқылы автор валторна аспабының тембрін көшпенділердің ежелгі сигналдық кернейлеріне жақындата түседі.

Пьесаның ырғағы дәстүрлі музыкадан бастау алатын екі он алтылық пен үш сегіздікке негізделген. Ұсынылған ырғақ отандық композиторлық шығармашылыққа енгені соншалық, тіпті ол қазақ композиторларының көркемдік мәнерлілігінің ажырамас құралдарының біріне айналған. Алайда, бұл жұмыста ырғақтық фигурация екі жанрды біріктіреді: халықтық (күй) және батыс еуропалық (скерцо). Сипаттамалық ерекшеліктерді Е.Рахмадиевтің «Концертное скерцо», В.Миненконың «Концертная пьеса», Ж.Дастеновтың «Скерцо» шығармаларынан байқауға болады.

Шығарманың стильдік ерекшеліктерін анықтау үшін, оның идеялық мазмұнына, формасына, көркемдік құралдарына және т. б. аспектілеріне егжей-тегжейлі зерттеу жүргізілді.

Шығарма е-молл тональдігінде, 4/4 өлшем бірлігінде жүреді. Пьесаның материалын шартты түрде кіріспе және үш бөлімге бөлуге болады:

1. Кіріспе – (1-18 т.);
2. Негізгі бөлім - (19-70тт.);
3. Ортаңғы бөлім – (71-85);
4. Қорытынды бөлім (86-100).

Шығарма аса виртуозды жылдамдықта, жігерлі ырғақта көрсетілген. Осыған орай, композицияда әртүрлі техникалық әдістер мен штрихтердің қолданылуы қызығушылықты арттыра түсіп, көркемдік бейнені байытады.

Шығарманың диапазоны кіші октаваның *fis* дыбысынан екінші октаваның *fis* дыбысы аралығын қамтып, әр дыбыс өзіне тән ерекше бояумен өрнектеледі. Төменгі регистрде қоңыр, аспаптың әуезді тембрін байқасақ, керісінше жоғарғы регистрлерде жарқын, кей жағдайларда ашшы дыбыстар орын алған. Себебі, жоғары регистрде орындалатын *ff* динамикасында *martele* штрихы мен *frullato* техникалық әдісі аспаптың ашшы дыбысталуын береді.

Жоғарыда айтылғандай, шығарма үш бөлімнен тұрып, әдеттегі фортепианоның сүйемелдеуіндегі кіріспеден емес, орындаушының жеке партиясынан басталады. Шығарманың басында «Қыз-Жібек» кинофильміндегі Бекежан мен Төлегеннің лейтмотивтерін негізге ала отырып басты тема жақсылық пен жамандықтың арасындағы күрес ретінде қолданылады. Бірін бірі алғаш көрген екі рудың өкілдері өз ұрандарын керней аспабы арқылы естіртеді. Оң кейіпкер ретінде Төлегеннің, қарама-қарсы жағымсыз кейіпкер ретінде Бекежанның лейтәуендері орындалады. Одан әрі композитор мысқылдық, сұмдық кейіпкерді бейнелейтін диссонанттық интервалдарды, кварта-квинталық секірулерді және сегіздіктердің қозғалысын пайдаланады.

Бірінші бөлімде күресті сипаттайтын біртұтас музыкалық образ көрсетілген. Бөлімнің басты тақырыбы Бекежанның лейтәуені. Жалпы сипаттама беретін болсақ, басқа

бөлімдерге қарағанда әуезді және нақты, пьесаның бастапқы тақырыбы бұл бөлімде айқын қарастырылуға тұрарлық. Негізгі тақырып фортепиано партиясынан басталады. Бекежанның тақырыбы әр түрлі тональділіктерде орындала отырып, музыкадағы тұрақсыздықты орнатады. Фортепианоның кіріспесі *d moll* тональдігінен басталып, одан кейін гармониялық тритон мен диссонансты интервалдар арқылы *es moll* тональдігіне ауысады. Бұл шығармада автор кеңінен энгармониялық ауысу принципін қолданып, нәтижесінде алдында айтылғандай тональдік тұрақсыздықты туғызады. Пьесаның 25 тактысынан валторна партиясында басты тақырып көрсетілген. Жеке аспап партиясында осыған дейінгі фортепиано аспабында орындалған басты тақырып жүрсе, ал фортепиано партиясында кең интервалдар арқылы тональдіктердің ауытқулары көрсетілген, олар 25 тактіде *es moll*-ден *As dur* тональдігіне өтеді. Бастапқы тақырыптың фортепиано және валторна аспаптарында алма-кезек орындалуынан полифониялық композиция принциптерін байқаймыз.

Шығарманың 25-39 такт аралығында бөлімнің бірінші даму кезеңі орын алады. Бұл үзіндіде орындаушыға қиындық тудыратын сәттердің бірі ретінде төменгі регистрде тез жылдамдықта өтетін фразаны айтсақ болады.

Мысал 5



Пьесаның 27 тактісінде автор қысқа, әрі үздік кластерлік аккордтарды қолдана отырып, бұл ырғақтық суретті пьесаның даму барысында маңызы зор көркемдік тәсіл ретінде қарастырады.

Сонымен қатар, фортепиано партиясындағы 29 тактідегі октавалық көмекші басқыш арқылы жасалған кіші секунда интервалы, әуенге *үрей* тудырады.

Мысал 6



Шығарманың 40-55 аралығында бөлімнің екінші даму кезеңі көрсетілген. Бұл үзіндіде автор *glissando*, *frullato* ойнау әдістерін қолданады. Ырғағында да полиритмиялық принциптері арқылы автор шығарманың драмалық тұрғысын ерекше көрсетеді. Пьесаның 49-50-ші такттарында осыған дейін айтылған *үрей* образын естіретін фигурацияны көреміз.

Үшінші даму кезеңі 56-70 такт аралығын қамтиды. Бұл жердегі пьесаның драмалық тұрғысы одан сайын дамып, *ff* динамикасында фортепианомен бірге орындау нәтижесінде бөлімнің шарықтау шегіне жетеді (Мысал 7).

Екінші бөлімді шығарманың басты кульминациясы ретінде қарастыруға болады. Бөлімде басты образдардың лейтмотивтері берілген. 77 такттан бастап жылдамдықтың тездетілуін, динамиканың өсуін, гармонияның кластерлік тұрақсыз аккордтармен күшейтілуін, ырғақтардың ауырлауын, қарама-қарсы күштердің қақтығысуын жоспарға сай қолданылған әдіс ретінде қарастыруға болады.

Үшінші бөлім 86 және 95 тактілер арасын қамтиды. Бұл бөлімде ХХ ғасырдағы кеңінен тараған 12 дыбыстық үндестік реті қолданылған. Бұл тәсілден екі ерекшелік байқалады. Біріншісі – қатаң түрде он екі дыбыстық үндестік ретінің өзгермеуі, екіншіден – құрылымның және әуен желісінің біртұтастығы. Осыған орай, қорытынды бөлімінде Төлеген мен Бекежанның лейтмотивтері, гармониялық құрылым мен әуендік желісі біртұтас көрсетілген.

Мысал 7. Бірінші бөлімнің шарықтау шегі

Мақалада шығарманың драматургиясы мен формасына сүйене отырып, орындаушылық талдау жасалынды. Ұсынылған материал негізінде Ә.Әбдінұровтың валторна аспабына арналған туындысының басты стильдік ерекшеліктері анықталды:

- шығармада халық музыкасының бағдарламалық сипатының жалпылама белгілерімен тығыз байланыста болатын идеялық-мазмұндық мән бар;
- бұл туындыда халық музыкасы мен батыс-еуропалық музыка жанрларының қосындысында көрсетілген авторлық стильдік ерекшелік орын алады;
- пьесада ежелгі көшпенділер аспабы – кернейдің дыбысын сипаттайтын тембрлік бояу айқын көрініс табады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, Ә.Әбдінұровтың шығармашылық келбетін құрайтын маңызды факторлардың бірі – композитордың музыкалық стилі – дәстүрлер синтезінен тұрады деген шешімге келдік.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан композиторлары-Композиторы Казахстана. Творческие портреты (на казахском и русском языках). Том третий. – Алматы: «Алматы-Болашақ», 2017. – 576 с. (429-440).
2. Ә.Әбдінұровтан алынған сұхбат. – Алматы, 25 қараша 2022 ж.

References (transliterated)

1. Kazakhstan composers – Compositors of Kazakhstan. Tvorcheskie portrety (na kazakhskom i russkom iazykah). Tom tretii. – Almaty: «Almaty-Bolashak», 2017. – 576 p. (pp. 429-440).
2. A.Abdirurovtan alyngan suhbat. – Almaty, 25 karasha 2022 j.

Автор туралы мәлімет:

Слейманкул Алишер Қайсарұлы – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 2 курс магистранты. Ғылыми жетекшісі: өнертану кандидаты, доцент **Бултбаева Айзада Зейкеновна**.

Сведения об авторе:

Слейманкул Алишер Қайсарұлы – магистрант 2-го курса Казахской национальной консерватории имени Курмангазы. Научный руководитель: кандидат искусствоведения, доцент **Булбаева Айзада Зейкеновна**.

Information about the author:

Alisher Kairatuly – 2nd year master's student of the Kurmangazy Kazakh National Conservatory. Scientific supervisor: PhD in Arts, Associate Professor **Aizada Bultbayeva**.